




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunaigaz_jsc

№12 (170), ЖЕЛТОҚСАН, 2023

Oil Services
CompanyOil
Construction
CompanyMANGISTAUENERGOMUNAY
жұмыс істейтін компания - «Мәңгілік Ел»

Ойл Транспорт Корпорейшн

M.COM
munaitelcom«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ»
«ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚАДІРЛІ МҰНАЙШЫЛАР!

Сіздерді келе жатқан 2024 Жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Мереке қарсаңында компаниямыздың еңбек ұжымына өткен жылы көрсеткен еселі еңбегі, жоғары біліктілігі мен шеберлігі үшін шын жүректен алғысымызды айтамыз!

Өткен 2023 жыл біздің компаниямыз үшін елеулі оқиғаларға бай ерекше жыл болды. Бұл жылы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының 60 жылдық мерейлі мерекесі кең көлемде аталып өтті.

Қаламқас және Жетібай кен орындарында, сондай-ақ орталық аппарат кеңсесінде компаниямыздың 60 жылдығына арналған ауқымды мерекелік шаралар өткізілді. Сонымен қатар, Ақтау тұрғындары үшін Қазақстан эстрадасы танымал жұлдыздарының қатысуымен теңіз жағалауында керемет концерт ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, көпшіліктің ризашылығына ие болды.

Өткен жылы орын алған компаниямыз үшін аса маңызды шаруаның бірі – жаңа ұжымдық шарттың қабылдануы. Үш жылдық мерзімге қабылданған бұл құжат, осыған дейін қолданылған ұжымдық шарт баптарына қоса, қызметкерлер тарапынан ұсынылған бірқатар жаңа әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктердің енгізілуімен ерекшеленіп, компания қызметкерлерінің көңілінен шықты.

2023 жылдың шілде айында "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ Жазғы Спартакиадасын "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның 60 жылдығы аясында Ақтау қаласында өткізді.

Ауқымды іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Спартакиада спорттың 11 түрінен өтіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес 20 компаниясынан 400-ден астам мұнайшы-спортшылар қатысты. Спартакиада қорытындысы бойынша "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ командасы бір күміс және екі қола медальді еншілеп, жүлдегерлер қатарынан орын алды.

2023 жылы 17 қыркүйекте "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ - "Үздік маман - 2023" кәсіби шеберлік байқауының жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Үздіктердің үздігі құрметті атағы үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінен 19 компанияның 157 қызметкері күресті. Біздің төрт бірдей қызметкеріміз жүлделі орындарға ие болды.

«Үлкенге – құрмет, кішіге ізет» көрсету компаниямыздың жақсы дәстүрлерінің бірі. Бұл бағытта 2023 жылдың маусым айында Қоғам Басқармасы "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының зейнеткерлерімен кездесті. Кездесу барысында зейнеткерлер "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ еңбек ардагерлерінің қоғамдық бірлестігін құру туралы ұсыныс жасап, Қоғам басқармасының қолдауына ие болды. Құрылған еңбек ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі зейнеткерлерге жан-жақты қолдау мен көмек көрсететін қоғамдық ұйым болып, бүгінде компания басшылығымен түрлі мәселелер бойынша тығыз қарым-қатынас жасап, кәсіпорын өміріне белсенді қатысуда.

Өткен жыл өндіріс ошақтарындағы әлеуметтік нысандарды заман талабына сай жаңғырту жобаларының да басталғандығымен айшықталды. Кен орындарында пайдаланудағы әлеуметтік-тұрмыстық нысандарға күрделі жөндеу, жаңа нысандар салу құрылысы жұмыстары жаңа қарқын алды.

Компания жеткен әрбір жеңіс пен табыс, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжымның ерен еңбегінің нәтижесі!

Келер 2024 жыл компаниямыз бен оның қызметкерлері үшін табысты жыл болғай!

Жаңа жыл халқымызға ынтымақ, жерімізге береке, әр шаңыраққа амандық сыйласын!

Құрметпен, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Құрметті әріптестер, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы!

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ еңбек ұжымы атынан және өз атынан Сіздерді Жаңа жылмен құттықтаймын!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдығы мерейлі мерекесі аясында өткен 2023 жыл біздің еңбекқор ұжым үшін берекелі жыл болды.

Келер жыл да ырысы мен табысы мол жыл болсын! Қажыр-қайратымыз таусылмасын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Алдағы жыл халқымызға тек жақсылығын ала келсін. Береке-бірлігіміз ажырамай, жаңа жылда биік белестерді бірге бағындыра берейік. Татулығымыз ажырамасын. Сіздерге және жақындарыңызға денсаулық пен бақыт тілеймін!



Құрметпен,
М. К. Нұрғабиев
«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы

Құрметті әріптестер, сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Келе жатқан Жаңа жыл жаңа жоспарлар мен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндіктер беріп, байланыстарымызды нығайтып, жаңа жемісті келісімдер мен ынтымақтастықтарымызды құруға серпін берсін. Сіздерге зор денсаулық, сәттілік, шығармашылық табыс, шаңырақтарыңызға құт-береке, бақыт және жарқын әсер мен жақсы көңіл-күй тілеймін. Отбасыңызбен және жақындарыңызбен тамаша демалыс күндерін өткізуіңізге тілектестік білдіремін.



Құрметпен,
Б. С. Сейтмағанбетов
«Жетібаймұнайгаз» ӨБ бастығы

Нефтяники укрепляют знания в области ГО и ЧС

В ноябре-декабре 2023 года сразу пять работников акционерного общества «Мангистаумунайгаз» успешно прошли обучение по линии гражданской обороны и чрезвычайных ситуаций.

Как известно в соответствии со статьей 46 Закона РК «О гражданской защите» руководящий состав и специалисты органов управления гражданской защиты должны пройти подготовку и переподготовку в учебных заведениях уполномоченного органа.

В связи с этим для повышения качества знаний и ознакомления с новыми правилами и методиками, работники АО «Мангистаумунайгаз» прошли обучение в «Республиканском учебно-методическом центре Гражданской защиты» МЧС РК в городе Алматы.

Обучение проводилось в соответствии с учебной программой подготовки руководителей, специалистов органов управления и сил гражданской защиты, способам защиты и действиям при возникновении



чрезвычайных ситуаций. В ходе учебного семинара были представлены организационные и инженерно-технические вопросы, направленные на поддержание и готовность действий при гражданской обороне и чрезвычайных ситуациях, предупреждение аварий, катастроф и стихийных бедствий, продемонстрированы практические и теоретические методы работы и др.

В целом обучающий семинар был организован на высоком уровне: нефтяники приобрели необходимые знания и навыки и теперь будут делиться полученным опытом со своими коллегами.

Группа ГО и ЧС
ДБ и ОТ, ООС



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 23 бабының талаптарын орындау жолында, дауыс беруші акцияларының иегер акционерінің 2023 жылдың 22 желтоқсандағы ЕА №16-12-2023 шешімімен 2022 жылдың қорытындысы бойынша жай және артықшылық акцияларының иегерлеріне дивиденд төлеуді ұйғарды.

1) «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 130000, Ақтау қаласы, 6 ш/а, №1 ғимарат.

Қоғамның банктік деректемелері: «Қазақстанның жинақтау халық банкі» АҚ, БСН 990140000483, ИИК KZ636010231000040129, КБе 17, БСК HSBKZKX.

2) Дивиденд төленетін мерзімі - 2022 жылдың қорытындысы бойынша.

3) Дивидендтің бір артықшылық акцияға шаққандағы мөлшері – 725 теңгені құрайды (оның ішінде салық сомасы ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша төленеді).

4) Дивидендтің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері – 725 теңгені құрайды (оның ішінде салық сомасы ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша төленеді).

5) Дивиденд төлеу – 2023 жылдың 27 желтоқсаннан басталады.

6) Дивиденд төлеу тәртібі мен формасы – дивиденд оны алу құқығына ие акционерлердің тізімі бойынша, қолма-қол емес, акционерлердің банктік шоттарына аудару тәсілі арқылы жүзеге асырылады.

7) Төлем агенті - "БАҒАЛЫ ҚАЗАҚСТАН ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ

Қоғамның дивиденд төлеу мәселелері бойынша хабарласу деректемелері:
Толық атауы: "Бағалы қағаздар орталық депозитарий" акционерлік қоғамы
Электронды мекенжайы: ccmail@kacd.kz, ofo@kacd.kz

Ыстық желі: 8 800 080 8668 (қалалық және ұялы телефоннан қоңырау шалу Қазақстан Республикасы бойынша тегін)

Телефондар: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60

Ресми сайт: www.kacd.kz | kcsd.kz

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ ДЛЯ АКЦИОНЕРОВ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»

АО «Мангистаумунайгаз» во исполнение статьи 23 Закона РК «Об акционерных обществах» сообщает, что решением акционера, владеющего голосующими акциями, от 22 декабря 2023 года было принято решение №19/12-2023г. выплатить дивиденды по простым и привилегированным акциям Общества по итогам 2022 года.

1) АО «Мангистаумунайгаз»
Местонахождение: Республика Казахстан, индекс 130000, г.Ақтау, 6 мкр, 1 здание.

Банк.реквизиты общества: БИН 990140000483, ИИК KZ636010231000040129, КБе 17, БИК HSBKZKX, АО «Народный сберегательный банк Казахстана»

2) Период, за который выплачиваются дивиденды, по итогам 2022 года

3) Размер дивиденда в расчете на одну привилегированную акцию – 725 тенге (в том числе сумма налога, подлежащая уплате в порядке, установленном законодательством РК)

4) Размер дивиденда в расчете на одну простую акцию – 725 тенге (в том числе сумма налога, подлежащая уплате в порядке, установленном законодательством РК)

5) Дата начала выплаты дивидендов – с 27 декабря 2023 года;

6) Порядок и форма выплаты дивидендов – способ оплаты дивидендов по списку акционеров, имеющих право получения дивидендов, путем безналичного перевода на банковские счета акционеров.

7) Платежный агент - Акционерное общество "Центральный депозитарий ценных бумаг"

Контактные данные Общества по вопросам выплаты дивидендов:
Полное наименование: Акционерное общество "Центральный депозитарий ценных бумаг"

Электронный адрес: ccmail@kacd.kz, ofo@kacd.kz

Горячая линия: 8 800 080 8668 (звонок с городского и мобильного телефонов по Республике Казахстан бесплатный)

Телефоны: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60 (приемная)

Официальный сайт: www.kacd.kz | kcsd.kz

Азаматтығына еңбекқорлығы жарасқан

Қай ұжымда да баяғының қарағайға қарсы біткен, еменге иір біткен бұтадай, намысты қолдан бермейтін, ісі мен сөзінің арасында айырма жоқ, тіпті, құрғақ сөзден гөрі, іске бейім тұратын, жұмыс десе жанын беретін жігіттер мен ұлдар аз емес. Солардың бірі, әріптесіміз Назархан Нұрғожаев – «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының қабат қысымын ұстау цехында еңбек етеді.

Ол Маңғыстау топырағына мөр басып, ерліктерін жазып кеткен Шотан батыр, сұрапыл қан майданды көріп келген Қалмырза Жұмалиевтар туған алыптар мекені – Тұщықұдықта дүниеге келді. Орта мектепті ойдағыдай аяқтап, сол кезеңдегі жастар секілді орта кәсіптік-техникалық училищеге оқуға түсіп, оны абыроймен тәмамдады. Еңбек жолын Бозащы технологиялық транспорты мекемесінде оператор-жүргізуші болып бастаған Назарханның сол күннен бастап тиянақты да тынымсыз еңбек жолы басталды. 1997 жылы қабат қысымын ұстау цехына ұңғымаларды зерттеу операторы болып ауысты. Тумысынан талапты, еңбекқор азамат күн-түн деп уақытпен санасқан жоқ, басшылық тарапынан тапсырылған жұмысты қашанда тап-тұйнақтай етіп орындап жүрді. Бүгінде сорап қондырғысының машинисі болып еңбек ететін Назархан аға үшін қабат қысымын қалыпты ұстау маңызды міндет. Мұнда қолданылатын құрылғылардың күрделілігі мен әр алуандығы маманның жоғары кәсіби біліктілігін талап етеді. Ол күн сайын - технологиялық процесті жүргізіп, құрылғылар мен механизмдерге қызмет көрсете отырып, айдау ұңғымаларының жұмысын бақылайды. Ұңғылардың қабылдауы

мен қысымын тексеріп, қалыпты технологиялық режимнің сақталуын қадағалау арқылы жер-асты қабат қысымын бірқалыпты ұстауды қамтамасыз етеді.



«Әке көрген оқ жонар» деп қанатты сөзде айтылғандай әкесі Қуаналы Нұрғожаев Бозащы технологиялық мекемесінде ұзақ жылдар бойы колонна бастығы болып қызмет атқарды. Бүгінде Нұрғожаевтар әулетінен тараған ұрпақ ата-аналарының осы өнегелі жолын жалғастырып келеді.

- «Әкем бізді қазақтың адамгершілік, қайырымдылық, әдептілік сияқты

қасиеттерімен тәрбиеледі. «Қаламқаста қызмет етуің үшін жартылай әскери тәртіппен жүруің керек, жан-жағыңа мұқият бол, жұмысты тиянақты жаса» дей отырып, өзінің бар білгенімен бөлісті, осылайша балаларын үлкен өмірге даярлады» - дейді кейіпкеріміз. Сол айтылған насихат сөздер



әріптесін әп дегеннен өндірістің даңғыл жолына салып жіберді. Сол кісілердің үйретуімен жұмысқа ептілігі мен икемділігін арттыра түскен Назархан өзінің алғырлығы мен табандылығы арқасында өндіріс деген алып машинаның бір бөлшегі болып орнықты. Сүйікті кен орны оны маман ретінде шыңдап, саланың сайыпқыраны атандырды. Жылдар бойы жасаған еңбегі де еш кеткен жоқ, басшылық тарапынан еленіп алғыс хаттар мен зор сый-құрметке ие бола білді.

Жанұяның ұйытқысы болған жан жары Қайдарова Эльмира екеуі екі ұл, екі қыз жетілдіріп, өсіріп бақытты отбасы құра білді. Желтоқсанның жетінші жұлдызы күні әріптесіміз Нұрғожаев Назархан ердің жасы – елуге толды. Қаламқастың жер асты байлығын игеру арқылы Отанымыздың дамуына мол үлес қосып келе жатқан осындай еңбекқор ағамыздың жұмысына толағай табыс, отбасына береке-бірлік, ұзақ та абыройлы ғұмыр тілейміз!

Біздің Баян..



Алдоңғарова Баян Әбдіқызы - 1962 жылы Форт-Шевченко қаласында дүниеге келді. Сегіз жасқа толған шағында ата-анасының жұмыс жағдайымен Жетібай ауылына көшіп келген болатын. Әкесі Алдоңғаров Әбді АТП-3 автобазасында көлік жүргізушісі қызметін атқарды. Отбасының ұйытқысы болған жары Боранбаева Көмек апай екеуі көп балалы отбасына айналды.

Ол кездер бір жақсы естелікке толы уақыттар болатын. Каспий маңының сусыз шөлейт даласы бала Баянның көз алдында өзгеріп жатты. Маңғыстау мұнай кеніштері жылдам қарқынмен игеріліп, бір жолға түскен кездер еді. Жолдар, мұнай және газ кен орындарына баратын кіру жолдары, жоғары вольтты ток желілері, су және мұнай құбырлары салынып, далалықта бұрғылау қондырғылары пайда болып, мұнай ұңғымалары бой түзеген уақыт.

Тез арада жаңадан құрылған аудан орталықтары Жаңаөзен, Жетібай, Ералиев елді мекендері, бой көтеріп, дамудың даңғыл жолына түскен кездер.. КСРО-ның түкпір-түкпірінен маман мұнайшылар ағыла бастады, олардың басым бөлігі комсомол жастар болатын. Жұмысқа орналастыру, кәсіби даярлық, сондай-ақ, баспана жағдайын шешу мұнай кәсіпшілігі басшылығының құзырында еді. Мектепті ойдағыдай

аяқтаған жасөспірім Баян қаладағы ГПТУ училищесіне токарь мамандығына оқуға түсті. Оны абыроймен аяқтап, 1982 жылы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ механикалық цехынан еңбек жолын бастады. Алғашында Баймағанбетов Махамбет ағай токарьлық жұмыстың қыр-сырына баулыған болатын. Кейін қағаз жазатын адам болмай, табельші болып ауысты. Міне, сол уақыттан бері Баян Әбдіқызы бір жерден табан аудармай 41 жылдан аса жұмыс жасап келеді.

Баян апай қызмет ететін "механикалық цехты «өндірістің жүрегі» деп айтуға болады. Осы жерде барлық өндіріске керекті жабдықтардың бөлшектері жасалады. Өндірістің тоқтап қалмауына үздіксіз қызмет жасап жатқан темір жонұшыларды мақтанышпен айта аламыз. 60-қа жуық жұмысшы еңбек ететін цех ұжымы әрқашан бірліктің биік үлгісін көрсетіп келеді. Осындай өнегелі ұжымның ай сайын табелін жабу, түрлі есеп берулерді дайындау, жұмысшыларға қажетті керек-жарақтарды тізім бойынша тарату сияқты толып жатқан жұмыста тер төгіп, осы саланың жауапты қызметін абыроймен атқарып келе жатқанына биыл қырық жылдан асып отыр.

Еңбек тарихындағы осы жылдар өз нәтижесін берді. Басшылық тарапынан алған алғыс хат, медальдары соның дәлелі..

«Мен тап болған ұжым - өте тату, қай-қайсысына болсын еңбекқорлық, көпшіл, бауырмал қасиеттер тән азаматтардан құралған. Әрдайым бір-бірімізді қолдап, күш-қайраттары мен ерік-жігерлерін бір арнаға ғана тоғыстыра білген жандармен бірге жұмыс жасаудамыз. Барлығымыздың да мақсатымыз бір – ол тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты елдің одан әрі гүлденуіне атсалысу, үлес қосу. Сол жолда мұнай өндіруі көрсеткіштерін одан әрі арттыру, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында табандылықпен, қажырлылықпен еңбек ету» - дейді Баян апай.

Осы орайда қарашаның жиырма екісі күні зейнет жасына толған әріптесімізді құрметті демалысқа шыққан қуанышты күнімен құттықтаймыз! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай - сырқамай өмірдің қызығын қызықтап жүре беріңіз дейміз! Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!

Арайлым Ақшаева





ҚАҢТАР



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының арасында алғашқылардың бірі болып қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін (МАЗ) іске қосты. МАЗ кешенді жабдығы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының газтурбиналық электр станциясында (ГТЭС) орнатылып, байқау сынақтарынан сәтті өтті.

2023 жылдың ақпан айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры болып Мұрат Мұстафаев тағайындалды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев М.Мұстафаевты кәсіпорын ұжымына таныстырды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бұрынғы бас директоры Дәулетжан Хасанов бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалған болатын.

Ақпан айының ортасында бас директор Мұрат Мұстафаев «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және орталық аппараттың еңбек ұжымдарымен алғашқы есеп беру кездесулерін өткізді.

АҚПАН



НАУРЫЗ

Наурыз айы дәстүр бойынша мерекеге толы ай. Көктемнің алғашқы айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мұнайшылары әйел әріптестерін 8 наурыз мейрамымен құттықтап, Аман мен Наурыз мерекелерін атап өтті. Барлық мерекелік іс-шаралар жоғары деңгейде өтті.



СӘУІР

14 сәуірде «Маңғыстаумұнайгаз» қаладағы мейрамханалардың біріне Қасиетті Рамазан айында ораза ұстаушылар үшін ауызашар ұйымдастырды. Ауызашарға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 400 ардагері мен зейнеткерлері шақырылды.



МАУСЫМ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдығын мерекелеу аясында жас мамандар тарихи-мәдени орындар - Қараман Ата, Ыбықты сай аумақтарын қоқыстан тазарту бойынша экологиялық акцияға қатысты.



Маусым айының басында Қоғам Басқармасының «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының зейнеткерлерімен кездесуі өтті. Кездесу барысында Мұрат Мұстафаев зейнеткерлер «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ардагерлерінің қоғамдық бірлестігін құру туралы ұсынысты қолдағанын атап өтті. Қоғамдық бірлестік зейнеткерлерге жан-жақты қолдау мен көмек көрсететін болады, Қоғам басқармасымен мәселелер бойынша тығыз қарым-қатынас жасайды, кәсіпорын өміріне белсенді қатысады.



МАМЫР



17 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында үш жыл мерзімге жаңа Ұжымдық шартқа қол қойылды. Маңызды құжатқа жұмыс беруші тарапынан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Мұрат Мұстафаев, Бас директордың бірінші орынбасары Сәуір Шиго және қоғам кәсіподақ комитетінің төрағасы Мәди Кентанов қол қойды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қоғам кәсіподақ комитетінің төрағасы еңбек ұжымын маңызды құжатқа қол қоюмен құттықтап, ұсыныстары мен өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа ұмтылысы үшін келіссөздердің барлық қатысушыларына алғыстарын білдірді.

19 мамырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да «Үздік маман - 2023» кәсіби шебер мамандар байқауының ІІ кезеңі аяқталды. Бұл жолы Жетібай кен орнында өткен байқауға бұрын бірінші кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің 42 қызметкері қатысты.

Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының қызметкерлері арасында «Үздік маман» кәсіби конкурсына қатысады.

ШІЛДЕ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобындағы СПАРТАКИАДА



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының Жазғы Спартакиадасын Ақтау қаласында өткізді. Биылғы жылы спорттық шара «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдығы аясында өтті.

Ауқымды іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Спартакиада қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ командасы үш медаль жеңіп алды.

ҚЫРКҮЙЕК



Өңірдің халқы мен жұртшылығын экология және қоршаған ортаны қорғау саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабардар ету мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнына баспасөз турын ұйымдастырды. Баспасөз турына жергілікті және республикалық БАҚ журналистері, мемлекеттік органдардың өкілдері, Маңғыстау облысының Экология департаментінің басшылығы және т.б. қатысты. Пресс-тур барысында қатысушыларға топырақтың құнарлығын қалпына келтірудің толық өңдеу процесі көрнекі түрде көрсетілді, сонымен бірге қолданылатын технологиялар мен жабдықтар да таныстырылды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жылы лебізімен құттықтап, еңбекте жаңа табыстар тіледі!



ҚАЗАН



24 қазанда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде Қазақстан Республикасы кәсіпкерлеріне арналған салтанатты жиналыс өтті. Компания басшылығы өндіріс озаттарын құрмет грамоталарымен, алғыс хаттармен және мерейтойлық медальдармен марапаттады.

ТАМЫЗ

Тамыз айында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 60 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар басталды.

Ал тамыз айының соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдығына арналған басты мерекелік іс-шаралар өткізілді: Қаламқас және



Жетібай кен орындарында, сондай-ақ орталық аппарат кеңсесінде ауқымды мерекелер ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Ақтау тұрғындары үшін Қазақстан эстрадасының танымал жұлдыздарының қатысуымен теңіз жағалауында керемет концерт ұйымдастырылды. Барлық іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды және тек жағымды естеліктер қалдырды.

ҚАРАША



3 қарашада «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен қызметкерлері қоғамның зейнеткерлерімен бірге Сисем-Ата қорымына барып, аруақтарға арнап ас берді.

Қарашаның басында Қаламқас кен орнында мұнай беруді арттырудың химиялық әдістері технологиясының жобаларын іске қосу рәсімі өтті. Іс-шара аясында «Атриум Ақтөбе» ЖШС мердігерлік ұйымының командасы және француздық SNF компаниясы француз өндірісінің полимерлі ерітіндісін дайындау және айдау бойынша автоматтандырылған қондырғыны көрсетті және Ю-1 "Центр" учаскесінде полимерлі су басу технологиясын айдаудың пилоттық бастауын жүзеге асырды. Сондай-ақ «Еуразиягеохимтехинжиниринг» ЖШС компаниясының Ю-3 "СПС" учаскесінде тігілген полимерлік жүйелерді пайдалана отырып, мұнай беруді ұлғайтудың химиялық әдісінің тағы бір жобасы іске қосылды.

ЖЕЛТОҚСАН

Желтоқсанның 25-26 күндері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастарының форумы болып өтті. Оған «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ және орталық аппараттың 150-ден астам

жас мамандары қатысты. Форум барысында Жас мамандар Қоғам басқармасымен кездесті. Корпоративтік интеллектуалды «Брейн-ринг» ойыны өткізіліп, жастардың өзара білім деңгейлерін сынауға мүмкіндік болды.


Сондай-ақ, жастардың қатысуымен болған конференция өткізіліп, 2024 жылға жоспарлар талқыланды. Арнайы шақырылған коучтың тренингіне қатысып, білімдерін толықтырды. Форум ұжымды біріктіру, жас мамандар арасында тәжірибе мен білім алмасу және жастар саясатының өзекті мәселелерін талқылау мақсатында өткізілді.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Жаңа жыл құтты

Қадірлі мұнайшылар!



Біз үшін 2023 жыл - мерейлі жыл! Биыл ақмаржан қала Ақтауымыздың қала аталғанына және өзіндік дәстүрлері мен терең тарихы бар, заман талаптарына сай әрекет ететін, өлкенің мұнай мен газ өндіру саласының көшбасшысы ретінде өндірістік әлеуетін өркендетуге үлес қосып келе жатқан "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-на 60 жыл толып отыр. Мерейлі мерекені, еселенген еңбегімізбен лайықты қарсы алдық. Ақтау қаласының, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның көркейіп, өсіп-өркендеуіне үлес қосқан, әрбір еңбек адамын жемісті, жеңісті жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймын! Тұтас өңірдің ғана емес, алып мемлекетіміздің экономикалық әл-ауқатына тікелей әсер етіп отырған ел тарихында алатын орны ерекше.

«Oil Services Company» ЖШС қызметінің негізгі түрі – мұнай сервистік қызмет-терін көрсету.

- мұнай, газ ұңғымаларын бұрғылау және игеру;
 - ұңғымаларды күрделі және жерасты жөндеу;
 - өндірудің технологиялық процестерін химияландыру.
- Компания Жетібай және Қаламқас

кен орындарында жұмыстарды сәтті жалғастырып келеді. «Қаламқас Сервис» өндірістік басқармасы ҰКЖ, ҰЖЖ, мұнай өндірудің технологиялық процестерін бұрғылауды және химияландыруды тікелей Қаламқас кен орнында қамтамасыз етеді. ҰКЖ және ҰЖЖ бригадалары құрал-саймандармен, көтергіш жылжымалы тұрғын вагондармен толық жабдықталған. «Жетібай Сервис» өндірістік басқармасы ҰКЖ, ҰЖЖ бұрғылау және химияландыру мұнай өндірудің технологиялық процестерін тікелей Жетібай кен орнында қамтамасыз етеді. Жер асты қазыналарымыз, оның ішінде қара алтын мұнайымыз - біздің ырыс-несібіміз. Халықтың әлеуетін арттырып, ел экономикасын қуаттандыруда зор үлесі бар. Ал, сол қара алтын өндірісін игеруде күні-түні демей, ыстық-суыққа қарамастан тынымсыз еңбек етіп, маңдай терін төгіп жүрген мұнайшылар қауымының орны ерекше. Қазіргі таңда еліміз бойынша сапалы сервистік қызмет көрсететін компанияның бірі – «Oil Services Company» ЖШС серіктестігі. Болашақта компанияның дамуы жаңа технологияларды енгізу арқылы мұнай сервистік қызмет көрсету нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға үлес қосқан барлық әріптестерімді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Осы жылдар кезеңіндегі біздің қол жеткен жетістігіміздің біразы ардагерлеріміздің арқасы.

Құрметті жерлестер, ардагерлер, ұжымдастар, Сіздердің ерекше еселі еңбегіңізге алғыс айтамын. Мереке қарсаңында Сізге болаттай берік денсаулық, отбасыңызға берекелі бірлік, тату тірлік, өз ізбасар ұрпағыңыз саналы, иманды өсуіне тілектеспін.

Нүркен Таменов
«Oil Services Company» ЖШС
Бас директоры

Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы!



Сіздерді келе жатқан жаңа 2024 жылмен ақ көңілімізбен және ықыласпен құттықтаймыз! Жаңа жылда жағымды жаңалықтар мен толағай табыстар тілейміз! Әрбір игі істеріңізге, жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызда әрдайым баянды бақыт пен бақ-береке орнасын!

Алдымызда үлкен жоспарлар мен межелі мақсаттар күтіп тұр. Оларға қол жеткізу үшін жақсы денсаулық керек деп айтсақ, еш қателеспейміз. Бұл іргелі шаруаны сіз бен біз бірігіп жүріп қана атқара аламыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», барлығымыз бас қоссақ көптеген асуларды бағындыра аламыз.

Қоғам қызметкерлері мен олардың жанұя мүшелерінің денсаулығын нығайтуға бағытталған медициналық қызметтеріміздің қолжетімділігін арттырып, олардың сапасын жақсарту – біздің басты мақсатымыз.

Біздің компания күннен-күнге нығайып, мүмкіндіктерінің молайып келе жатқанына өздеріңіз куәсіздер.

Басқа жасалып жатқан жұмыстарды айтпағанның өзінде сол өзгерістерді қолдарымен жасап жатқан мамандар туралы жалпылама айтсақ, қысқаша былай болар еді:

Осыдан 2 жылға жақын уақыт бұрын біз басқаруға қолымызға алған медициналық құрылымда 107 маман болса, бүгінгі күні олардың саны 149-ға жетті. Осы құрылымда бұрын болмаған жаңа бейінді мамандар: гастроэнтеролог, инфекционист, пульмонолог, ревматолог, уролог, эндоскопист, эксперт-дәрігер, нефролог мамандары қызметке қабылданды. Кардиология, терапия және ультрадыбысты зерттеу салалары қосымша мамандармен толықты. Қаламқас кенорнына бұрын болмаған массажист мамандарын жіберіп, 2017 жылға дейін болып, кейінгі өзгерістер бойынша штаттан алынып тасталған стоматолог-дәрігерлер қайтадан әкелінді.

Міне, ортаңызға қосылған осы жаңа және бұрыннан сіздерге абыройлы қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар сіздерге ұсынатын қызметтерін алдымыздағы жылы да жақсартуға талпынатын болады.

Әрдайым еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Ауызбіршілігіміз берік болып, жарқын болашаққа деген сеніміміз нығая берсін!

Жаңа Жыл – бірлік пен татулықтың жылы болсын! Әр жанұяда ырыс пен береке орнап, жаңа жыл жақсылығымен келсін!

Ізгі ниетпен,

А.Ж.Абджели
«Neiron-med» ЖШС
Ақтау қ. филиалының
директоры

Құрметті Әріптестер мен Серіктестер!

Жаңа жыл - бұл жаңа белестер, жаңа үміттер, табыстар мен жеңістердің бастауы. Қалыптасқан дәстүр бойынша ескі жылды шығарып салып, өткен жолымызға баға беріп, болашаққа жоспарлар құрып бастаймыз. 2023 жылы «Мұнайтелеком» ЖШС нарықта болғанына 25 жыл толды. Нақтырақ айтар болсақ, 1998 жылдан бастап біз өндірістік процестерді автоматтандыру, метрологиялық қамтамасыз ету, барлық телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну, бейнебақылау және автоматты өрт дабылы жүйелерін монтаждау, баптау сияқты қызмет көрсетумен айналысатын мұнай сервистік қызметі нарығындағы ең қарқынды дамып келе жатқан бірегей кәсіпорын болып табыламыз.

Осы мақсатта біз жыл сайын жаңа технологияларды енгізумен және тапсырыс берушілер алдындағы міндеттемелерді сапалы және уақтылы орындау және Маңғыстау өңірінің кәсіпорындары мен тұрақтылығын

жақсарту үшін қызметтер спектрін кеңейтумен айналысамыз.

МТК ЖШС 2023 жылдың маусым айынан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мекемесінің «Қаламқас», «Жетібай» кен орындарындағы мұнай ұңғымаларында орналасқан жиілікті реттелетін жетектерге техникалық қызмет көрсете бастады. Бұған дейін 2019 жылдан бері осындай қызметті «Өзенмұнайгаз» АҚ мекемесіне көрсетіп келеміз. «Siemens VFD», «Schneider Electric VFD» базасында «Өзен» кен орнында деректерді беру және қашықтан басқару функциялары бар 263 басқару және реттеу станцияларын орнату және баптау жұмыстары бойынша мол тәжірибеміз бар.

Серіктестік бизнесінің орталық бағыты – бұл тұтынушылардың сұраныстарын оңтайлы шешу және қызметтің тиімділігі үшін инновациялық технологиялардың жаңа түрлерін дамыту. Осы мақсатта алдағы 2024 жылы аталған мұнай ұңғымаларында

орналасқан жиілікті реттелетін жетектерді қашықтықтан басқару мүмкіндігін ұйымдастырып, қажетті деректерді орталық диспетчерлік пунктке визуалды түрде шығарады.

Сонымен қатар өңіріміздің түкпір-түкпірінде орналасқан ірі мұнай-газ жобаларына қатысып, халықаралық талаптарға сай деңгейдегі қызметтерімізді ұсынғымыз келеді. Осы орайда, жаңа қызмет түрлерін кезек-кезеңімен іске қосып, қызметкерлеріміздің біліктілігін арттырып, жаңа технологиялар енгізуге жұмыстанудамыз.

Жаңа жылда атқарған жұмысымыз нәтижелі әрі тиімді болуын және баршамызға мол табыс әкелуін тілеймін! Барлығыңызға молшылық, сенімділік және табандылық серік болсын! Алдағы жыл көптеген мүмкіндіктер мен жаңа идеяларды және ұмытылмас ерекше сәттер сыйласын! Жаңа 2024 жыл құтты болсын!



Ізгі тілекпен,

Н.М. Ибраев
«Мұнайтелеком» ЖШС
Бас директоры



болсын, баршаңызға!

Жыл қорытындысы – ұжым мүшелеріне берілген баға

Тәуелсіз қазақ елінің энергетикалық даму саласында табысты жаңалықтарға қол жеткізген, аймақтың мұнай – газ кәсіпорындарының көшбасшысы болған «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының өндірістік қызметтерін жауапкершілікпен орындайтын мердігерлік компаниялардың алдыңғы сапында «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС тұрғандығын мақтанышпен айтамыз. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» дегендей, ауызбіршілік пен татулықты, келісім пен ынтымақты ту еткен Энергетиктер ұжымы 2023 жылды да өндірістік травматизмсіз аяқтап шықты!

2023 жыл ішінде «МЭМ» ЖШС 19 мердігер компаниялармен 30 (отыз) Шарт негізінде қызмет көрсетті. «МЭМ» ЖШС өзінің 2023 жылғы экономикалық – өндірістік стратегиялық жоспарын нақты міндеттемелерді орындау жолында жауапкершілікпен жоспарлап, «ҚМГ» ҰҚ АҚ энергетика саласының қарқынды модернизациялау және қайта жабдықтау жоспарларын басшылыққа алды.

Жұмысты ұйымдастырудың жаңа заманауи сатыларын тиімді қолданатын «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС өз қызметін Халықаралық 4 (төрт) түрлі стандарт (ISO) талаптарына сай

ұйымдастырды, сондай - ақ «МЭМ» Серіктестігі осы жылдың қараша-желтоқсан айларында Американдық мұнай институты тарапынан ұйымдастырылған Q2 аудит сертификациялық тексерісінің екінші кезеңінен жоғары нәтижелер көрсетті.

Бүгінгі таңда шөлейтті Маңғыстау елді мекендерінің халқы үшін су тапшылығы маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Аймақтағы Жаңаөзен қаласындағы халық санының артуы, жаңа кәсіпорын орындарының ашылуын ескере отырып, Республика деңгейінде, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен Қарақия ауданына қарасты Тоқмақ жерінде тәулігіне 50 мың текше метр су тұщытатын зауыт құрылысын және оған қарасты инфрақұрылымдарын салуды 2024 жыл соңында аяқтап, 2025 жыл іске қосу жүктеліп отыр.

Жаңа зауыттың инфрақұрылымын салып, іске қосу үшін «ҚазМұнайГаз» басшылығы тарапынан аймақтағы «ҚазМұнайГаз»-ға еншілес бірнеше компаниялар таңдалды. Олардың құрамына ЖШС «ОСС»; ЖШС «ККС»; ЖШС «КазНИПИ»; және ЖШС «МЭМ» компаниялары еніп, Консорциум құрылды. Тапсырыс беруші болып ЖШС «Ақсу» компаниясы тағайындалды.

Консорциум мүшесі ретінде біздің компаниямызға ұзындығы 80 км болатын 110 кВ әуе желісін және 2 (екі) 110/10кВ (қуаты 16мВА, 2,5мВА) қосалқы станцияларын салып, іске қосу жүктеліп отыр. Тапсырыс берушімен келісілген түрде 2023-2025жж. арналған жұмыс жоспарын құрып, міне бүгін жоспарымызға сай әуе желісінің алғашқы бағаналары орнатылды.

Барша өңір жұртшылығын, облыстың Энергетиктер қауымын және Өзім басқарып отырған «Маңғыстау-энергомұнай» ЖШС барлық ұжым мүшелерін келе жатқан жаңа 2024 жылмен құттықтаймын. Мекемеміздің құрылған күнінен бастап, қазіргі кезеңдегі батыс аймақтың басты электр өндіруші және мұнайлы өндірісті үздіксіз электрмен жабдықтайтын сенімді компания қатарына дейін көтерілген атақ - абыройда ұжым ардагерлерінің сүбелі еңбектерін құрметтеймін және білімпаздықтарын еңбек ұйымдастырудың заман талаптарына сай шебер қолданатын барша ұжым жұмыскерлеріне қажырлы еңбектері үшін Алғыс айтамын. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін.



Жаңа 2024 жыл өңір жұртшылығына жаңа жақсылықтар, игі бастамалар әкелсін! «Елі еріне, ері еліне» дегендей, тәуелсіз еліміз аман, жұрттымыз тыныш болсын!

Н.Р.Косбаев
«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС
Бас директоры

Екпінді еңбек қарқыны бәсеңдемейді



Қазақстандағы мұнай өндірісінің алдыңғы шебінде тұрған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «ӨзенМұнайГаз» АҚ тапсырыстарын абыроймен орындау жолында бізге артылған жауапкершілік мол. Өткен жылы кәсіпорнымыздың қызметінде айшықты сәттер мен жақсы жаңалықтар аз болған жоқ. Табысты өсу тарихымыздың негізгі факторлары – өндіріс көлемін ұлғайту есебінен тұрақты даму стратегиясын іске асыру жолында қызмет етіп келеміз.

2023 жылдың он бір айында орындалған жұмыс көлемін айта

болсақ, Өзен кен орнында орталық мұнай айдау пунктінде көлемі 10000м³, 20000м³ болатын мұнай сұйыққоймаларының құрылысы жоспарлы жүріп жатыр.

Қаламқас кен орнында күрделі құрылыс объектілері бойынша 63 тығыздау ұңғымасы жайластырылды, көлемі 176м³ болатын бұрғылау қондырғы алаңшаларына құм төгілді. Күрделі жөндеу бойынша 63 км шыныпластик құбыр, 28 шақырымдай болат құбыр тартылып, шамамен 120 мың м³ электр берілісі желілері, шыныпластик құбыр табандарына, кірме жолдарға құм, шақпатас төгілді.

Ал Жетібай кен орнында жалпы саны 87 объектіде күрделі жөндеу жұмыстары атқарылды, 77 тығыздау ұңғымасы жайластырылды, 51м³ болатын бұрғылау қондырғы алаңшаларына құм төгілді. Шығыс Жетібай кен орнында модульді сығымдау стансасының құрылысы, мұнай дайындау және айдау цехын қайта құру жұмыстары жалғасуда, Газ санауыш орнату-1 объектісіндегі модульді сығымдау стансасын кеңейту бойынша күрделі құрылыс жұмыстары екпінді жүргізілуде.

Компанияның бизнес моделі жаңа жобаларды дамытуды көздейді. Біз өзіміздің стратегиялық серіктестерімізбен ынтымақтастықты табысты жалғастыру арқасында Жаңаөзен қаласының тұрғындары үшін ауыз су тапшылығы мәселесін түбегейлі шешетін жоба «Теңіз суын тұшыту зауыты – Жаңаөзен» магистралдық су құбырының құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауды бастадық. Бүгінгі күні 18 шақырым ор қазылып, 13,7 шақырым құбыр монтажданды.

Компанияның өсуі ағымдағы өндірістің тиімділігі, жаңа мүмкіндіктерді дамыту, үнемді әрі заманауи технологияларды енгізу есебінен қамтамасыз етілетін болады. Сонымен қатар бекітілген даму стратегиясына сәйкес экологиялық, корпоративтік мәдениетті көтеру, комплаенс мәдениетін дамыту, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің жаңа бағыттары назардан тыс қалмайды.




Өз ісінің шебері, еңбек өнімділігі жағынан ешкімге есе жібермейтін еңбектің алғы шебінен көрініп жүрген қайыспас қара нардай жігіттерден тұратын жұмылған жұдырықтай еңбек ұжымы биыл адал еңбегі, талмас талабына сүйеніп, өндірістік жоспарды табысты орындап шықты, олардың болашаққа құрылған стратегияны да толыққанды жүзеге асыратынына сенім мол. Компанияның барлық жұмыскерлеріне жоғары кәсіби деңгейі және қол жеткізген нәтижелері үшін алғысымды білдіремін.

Осы төл газетіміздің барша оқырмандарын Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын. Баршаңызға алдағы уақытта да мемлекетіміздің алға қойған міндеттерін жоғары деңгейде орындап, еліміздің қуаты өсіп, өркендеуі жолындағы абыройлы істеріңіздің ырысы мен берекесін көре беріңіздер деген тілегімді білдіремін. Сіздердің әрқайсыңызға таусылмас күш-жігер, еңбектеріңізге еселі табыс, отбасыларыңызға ортаймас бақ-ырыс тілеймін!

Изгі тілекпен,

Н. Ділмағамбет
«Oil Construction Company» ЖШС
Бас директоры



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



«Мұнайлы өлке» қайырым қорының 2023 жылдың 12 айында атқарған жұмыстарының есебі



2023 жылдың 12 айында «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры (одан әрі - Қор) есепшотына келіп түскен ерікті қайырымдылық жарна соммасы 6,8 млн. теңгені құрады. Осы қаражат шеңберінде Қор 2023 жылыдың 12 айында 26 қайырымдылық көмегін жүзеге асырды. Олардың жалпы соммасы 6 513 498 теңгені құрады. 155914 теңге қор жұмысын жүргізу үшін банктік алымдарға және есептік-салықтық міндеттемелерді өтеу үшін жұмсалды.

Артылып қалған қаражат Қор есепшотында сақтаулы тұр. Бұл қаражат алдағы уақытта Қор атына түсетін өтініштер негізінде мақсатына сай жұмсалатын болады.

Қорға көмек сұрап хабарласқан азаматтар арасында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері мен олардың туыстары да болды. Сонымен қатар, осы мерзім ішінде науқас азаматтарға көмек беруден басқа қайырымдылық-демеушілік жұмыстары да жүргізілді. Олардың сомасы мен нысаналы мақсатымен келесі кестеден таныса аласыздар.

№	Аты-жөні	Көмек көрсетілген уақыты	Көмек соммасы, теңге	Мақсаты	Қосымша ақпарат
1.	Бисенова Г.Т.	Қаңтар	250 000	Материалдық көмек	«ММГ» АҚ бұрынғы қызметкері марқұм Т.У. Бисенов отбасы
2.	Капатагаева Н.	Қаңтар	150 000	Төсек тартып жатқан науқасқа дәрі-дәрмек алу үшін	«ММГ» АҚ қызметкерінің туысы
3.	Ақшұқыр ауылдық мешіті	Наурыз	302 000	Демеушілік көмек	
4.	Сүйеуова Б.С.	Сәуір	500 000	Үйлері өртеніп кетуіне байланысты демеушілік көмек	Көпбалалы азқамтылған отбасы
5.	ИП Konystoys	Мамыр	300 500	1-маусым балаларды қорғау күніне орай мүгедек балаларға сыйлықтар алу үшін	
6.	Ережепова Р.Ж.	Маусым	100 000	Ем алу үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
7.	Исаев Б.	Маусым	200 000	Жүрекке ота жасату үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
8.	Абдирахманов Б.	Шілде	200 000	Жүрекке ота жасату үшін	Сала ардагері
9.	Хафиз Н.Г.	Қыркүйек	1 000 000	4 жасар бөбекке күрделі ауруға шалдығуына байланысты қайырымдылық көмек	Жұмсақ тіндердің рабдомиосарк омасы (онкология)
10.	Ахметова Г.К.	Қазан	200 000	1 жасар сәбиге күрделі ауруға шалдығуына байланысты қайырымдылық көмек	5-сатыдағы ретинопатия
11.	Кибасов К.С.	Қазан	100 000	ЖКО салдарынан пайда болған ішқұрылыс ауруларын емдеу үшін	«ММГ» АҚ қызметкері
12.	Оразалиев Г.А.	Қазан	200 000	1 жасар сәбиге күрделі ауруға шалдығуына байланысты қайырымдылық көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
13.	Икасбаев Р.М.	Қараша	200 000	Мүгедектігі бар баласының еміне демеушілік көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
14.	Даутов Н.Ж.	Қараша	200 000	Мүгедектігі бар баласының еміне демеушілік көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
15.	Джумажанов К.Е.	Қараша	100 000	Күрделі ота жасату үшін қайырымдылық көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
16.	Ешманов Ж.Ж.	Қараша	500 000	Баласының аса күрделі ауруға шалдығуына байланысты ем алуға қайырымдылық көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
17.	Қалбаев А.М.	Қараша	100 000	Баласының есту қабілетін қайта қалпына келтіру үшін оты жасатуға қаржылай көмек	«ММГ» АҚ бұрынғы қызметкері
18.	Айтжанова Б.А.	Қараша	500 000	Қатерлі ісікке шалдығуына байланысты ем алуға қаржылай көмек	«ММГ» АҚ қызметкерінің туысы
19.	ЖК Саипова Г.Т.	Желтоқсан	105 498	Аса мұқтаж отбасыларға азық-түлікпен көмек көрсету үшін	
20.	Абдуллаева Я.К.	Желтоқсан	105 000	Көп балалы, аз қамтылған баспанасыз отбасына қыс мезгіліне үй жалдап беруге	
21.	ЖК Джумабаева А.К.	Желтоқсан	253 500	Көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына қысқы жылы киім-кешек алу үшін (10 бала)	
22.	Арманд Р.А.	Желтоқсан	50 000	Ем-дом шараларын алуға	«ММГ» АҚ қызметкері
23.	Даулетбаев Б.Ж.	Желтоқсан	300 000	3 айлық баласының күрделі ауруға шалдығуына байланысты ем алуға қаржылай көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
24.	Қылышбаев К.Н.	Желтоқсан	300 000	Ұзақ уақыт ауырып жатқан баласының еміне қаржылай көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
25.	Мавлютов Р.М.	Желтоқсан	50 000	Жүрік және қан-тамыр жүйесінің ауруларына байланысты ұзақ ерзімге табыссыз қалуына орай материалдық көмек	«ММГ» АҚ қызметкері
26.	Адинов О.Д.	Желтоқсан	37 000	Жолдасының еміне материалдық көмек үшін	«ММГ» АҚ қызметкері



Құрметті әріптестер! Қор қызметінің жүзеге асуына қосқан үлестеріңіз бен азаматтық белсенділіктеріңіз үшін Өз атымнан және Қор көмегіне жүгініп, жанына сая тапқан азаматтар атынан баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін. Қазақта «Садақа 70 түрлі бәледен сақтайды» деген наным бар. Жаратқан жасаған бір жақсылығыңызға 100 жақсылық нәсіп етсін! Табыстарыңыз арта берсін!

Қор қызметін қыздырып, қайырымды жандар қатарын толықтырамын деген әріптестеріміз үшін 215-312 телефон нөмірі бойынша қосымша ақпарат алуға болатынын қаперіңізге береміз.

Құрметпен,

Ғ.Ғ.Әбдісадық
«Мұнайлы өлке» ҚҚ директоры

	МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Редактор: Есназар Сұлтанов Редакция алқасы: - С. Галидуллин - А.Ақшаева Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев	Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194 Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады	Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген	Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды	Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді. Индексі: 64265	“ADVER” ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим. тел: 8(7292)507000
--	--	---	--	--	--	---